

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Конаев Ерназа

Туған жылы: 07.03.2022жыл

Топ: «Арман»

Мақсаты: танымдық, сөйлеу, қимыл-қозғалыс (ірі және ұсақ моторика), әлеуметтік-эмоциялық дамуын бақылау арқылы анықтау; баланың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін, зейінін, ойлауын, есте сақтауын, сөздік қорын, қимыл координациясын және ересектер мен құрдастарымен қарым-қатынас деңгейін бағалау.

p/c	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p>Танымдық даму Мақсаты: баланың сөздік қорын, ойлауын, түстер мен пішіндерді ажыратуын бақылау. -«Не артық?» ойыны (3–4 суреттіңішінен артық затты табу) -Түстерді ажырату (қызыл, көк, сары) -Пішіндерді көрсету (дөңгелек, шаршы) -Жануарлардың дауысына ажырату</p>	<p>Артық затты психологтың көмегімен тапты. Түстері бойынша сұрыптайды, анық сөйлемегендіктен, сұраққа түстерді көрсету бойынша түсіндірді.</p> <p>Пішіндерді көрсетті Жануарлардың суреті бойынша дыбыстарын дыбыстап берді, әр дыбыс қай жануарға сәйкес екенін көрсетті. Бірақ көп ойланады немесе іс әрекеті баяу.</p>
2	<p>Ұсақ моторика Мақсаты: саусақ қимылдарын, қол икемділігін дамыту. -Саусақ жаттығулары -Ермексазды илеу, домалату -Дайын суретті бояу -Моншақ тізу -Қағазды жыртып, умаждау</p>	<p>Саусақ жаттығуы кезінде шатасты. Ермексаздан илеп домалақ пішін жасай алды, кей кездері көмек күтеді. Дайын суретті бояуға саусақ икемділігі әлсіз болса да, тырысып бояды. Моншақтарды түсі бойынша сәйкестендіріп жинады. Қағаздарды жыртып, умаждап коқысқа лақтыра алды.</p>
4	<p>Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын, эмоциясын бақылау. -Амандасу, қоштасу -«Көңіл-күйді көрсет» ойыны -Қуандым/ренжідім суреттерін көрсету -Қарапайым нұсқауды орындау («алыпкел», «отыр», «бер»)</p>	<p>Амандасу, қоштасу рәсімін біледі. Айнадағы суреттің көңіл-күйін көрсете алды. Шатасады. Нұсқаулықты орындайды. Ұялшақтық байқалады.</p>

Даму деңгейі:

Ерназар, танымдық тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытады. Түстерді ажыратып, түстері бойынша сұрыптай алады. Геометриялық пішіндерді дұрыс көрсетеді. Жануарлардың суреттері бойынша олардың дыбыстарын сәйкестендіріп, көрсете алады. «Не артық?» тапсырмасын ересек адамның көмегімен орындады. Сөйлеу тілінің анық еместігіне байланысты жауаптарын көбіне көрсету арқылы жеткізеді. Тапсырмаларды орындау кезінде көп ойланады, іс-әрекет қарқыны баяу байқалады.

Ұсақ моторикалық дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптасу үстінде. Саусақ жаттығуларын орындау барысында шатасады. Ермексазбен жұмыс кезінде домалақ пішін жасай алады, кей жағдайда көмек күтеді. Суретті бояуға талпынады, бірақ саусақ икемділігі мен қимыл дәлдігі әлсіздеу. Моншақтарды түстеріне қарай сәйкестендіріп жинайды. Қағазды жырту және умаждау тапсырмаларын орындай алады.

Әлеуметтік-эмоционалдық дамуында амандасу және қоштасу дағдылары қалыптасқан. Көңіл-күйді сурет бойынша анықтай алады, бірақ эмоцияларды ажыратуда кейде шатасады. Қарапайым нұсқауларды түсініп, орындайды. Қарым-қатынас барысында ұялшақтық байқалады және жаңа тапсырмаларға бейімделуі баяу.

Ұсыныстар

-Сөйлеу тілін дамыту мақсатында сөздік қорын байытуға арналған ойындар мен жаттығуларды жүйелі жүргізу.

-Сұрақтарға сөзбен жауап беруін ынталандырып, қысқа сөйлемдер құрауға үйрету.

-Түстерді, пішіндерді, жануарларды ажыратуға арналған дамытушы ойындарды жалғастыру.

-Ойлау жылдамдығын және зейінін дамытуға бағытталған қарапайым логикалық тапсырмаларды көбейту.

-Ұсақ моториканы дамыту үшін саусақ жаттығуларын, ермексазбен жұмыс, бояу, мозаика құрастыру және моншақ тізу жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру.

-Эмоцияларды тану және ажырату бойынша сюжеттік-рөлдік ойындарды қолдану.

-Ұялшақтықты төмендету үшін құрдастарымен бірлескен ойындарға және топтық іс-шараларға қатыстыру.

-Тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше әрекет етуін қолдап, жетістіктерін мадақтау арқылы сенімділігін арттыру.

Қорытынды:

Ерназардың танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық және ұсақ моторикалық даму деңгейі қалыптасу кезеңінде. Негізгі дағдылары бар, алайда тапсырмаларды орындауда баяулық, сөйлеу тілінің жеткіліксіздігі және ересектер көмегіне сүйену байқалады. Түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру қажет.

Зерттелген күні : 27. 04. 2026 ж.

Педагог-психолог: Каменова Жанар Забинулловна.